

№1 педагогикалық кеңес хаттамасы

№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «2025–2026 оқу жылындағы балабақшаның тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары»
Мақсаты: «Жаңа оқу жылында тәрбие мен оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру»
Өткізілген күні: 29 тамыз 2025 жыл
Өткізілген орны: балабақшаның әдістемелік бөлмесі
Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым
Қатыспағандар: жоқ
Төрайымы: меңгеруші А.Айсина
Хатшы: А. Нұрлыбай

КҮН ТӘРТІБІ:

- 2025–2026 оқу жылындағы балабақшаның тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары туралы**
Баяндамашы: меңгеруші А.Айсина
- Білім беру қызметкерлерінің республикалық, облыстық, аудандық тамыз кеңесінің материалдарымен таныстыру**
Баяндамашы: әдіскер И.Кожмагамбетова
- Жазғы сауықтыру және шынықтыру іс-шараларының қорытындысы.**
Баяндамашы: әдіскер И.Кожмагамбетова
- 2025–2026 оқу жылына арналған құжаттарды бекіту:**
 - Жылдық мақсаттар мен міндеттер
 - Оқу жоспары мен вариативтік бөлім
 - Ұйымдастырылған іс әрекеттердің үлестірілу кестесі
 - Перспективалық жоспарлар
 - Топтардағы күн тәртібі*Баяндамашы: әдіскер И.Кожмагамбетова*
- Аттестациядан өтетін педагогтерді анықтау және бекіту.**
Баяндамашы: меңгеруші А.Айсина
- Педагогикалық тренинг: «Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби дамуы: бүгінгі сұраныс».**
Өткізгендер: әдіскер И.Кожмагамбетова

ТЫҢДАЛДЫ:

- Меңгеруші А.Айсина жаңа оқу жылының негізгі мақсаттары мен міндеттеріне тоқталып, ұйым қызметінің бағыттарын айқындап берді.
- Әдіскер И.Кожмагамбетова білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің мазмұнын қысқаша шолып, онда көтерілген басты мәселелер мен ұсыныстарды ортаға салды.
- Жазғы сауықтыру кезеңінде өткізілген іс-шаралар талданып, қатысушылардың белсенділігі мен денсаулығына оң әсері атап өтілді.

4. Жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспардың құрылымы таныстырылып, төмендегі құжаттар бекітілді:
 - Жылдық жоспар
 - Оқу жоспарлары
 - Вариативтік бөлім мазмұны
 - ҰІӘ кестесі
 - Перспективалық жоспарлар
 - Күн тәртібі
5. 2025–2026 оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтер тізімі жасақталып, бекітілді.
6. «Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби дамуы: бүгінгі сұраныс» тақырыбындағы тренинг қызықты әрі пайдалы түрде өтті. Қатысушылар кәсіби өсу деңгейін анықтап, топтық жұмыстар, жеке рефлексиялар арқылы өз даму жоспарын жасады.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған тәрбие-білім беру жұмысының негізгі бағыттары мақұлданын.
2. Тамыз кеңесінің ұсыныстары негізінде педагогтердің жұмыс жоспарына тиісті өзгерістер енгізілсін.
3. Жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындылары негізінде келесі жаз маусымына ұсыныстар дайындалсын.
4. Жылдық жоспар, оқу жоспарлары, күн тәртібі және барлық құжаттар бір ауыздан бекітілсін.
5. Аттестациядан өтетін педагогтер тізімі бекітілсін, жеке даму жоспарларын жасау тапсырылсын.
6. Педагогикалық тренингті жүйелі түрде әр тоқсанда өткізу ұсынылсын.



Педагогикалық кеңес төрайымы:

А.Айсина

Хатшы:

А.Нұрлыбай



